

Темір ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 22 тамыздағы № 231 "Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындарды белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Темір аудандық әкімдігінің 2019 жылғы 29 сәуірдегі № 94 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 30 сәуірде № 6118 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 28 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Темір ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Темір ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 22 тамыздағы № 231 "Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындарды белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген № 4020, 2014 жылы 12 қыркүйегінде аудандық "Темір" газетінде жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Темір аудандық әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулыны Темір ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Қ. Әлжанға жүктелсін.

4. Осы қаулы оны алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Темір ауданының әкімі

Ж. Қалмағанбетов

"Келісілді"

Аудандық аумақтық сайлау

комиссиясының төрағасы

Д. Калмағамбетова

18 сәуір 2019 жыл

Аудан әкімдігінің 2019 жылғы
29 сәуірдегі № 94
қаулысына қосымша
Аудан әкімдігінің
2014 жылғы 22 тамыздағы № 231
қаулысына қосымша

Темір ауданының аумағында барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар

№	Орналастыру орындары және үгіттік баспа материалдарының атауы	мекенжайы	саны
1	Ақсай ауылы, Мәдениет үйі ғимаратының алдында орналасқан стенді	Ақсай ауылы, Төсбұлақ көшесі №4	1
2	Алтықарасу ауылы, Мәдениет үйі ғимаратының алдында орналасқан стенді	Алтықарасу ауылы, Қарабас көшесі №12	1
3	Құмқұдық ауылы, Ауылдық клубы ғимаратының алдында орналасқан стенді	Құмқұдық ауылы, Мектеп көшесі №6	1
4	Кеңқияқ ауылы, Мәдениет үйі ғимаратының алдында орналасқан стенді	Кеңқияқ ауылы, Парк көшесі №9Б	1
5	Қопа ауылы, Ауылдық клубы ғимаратының алдында орналасқан стенді	Қопа ауылы, Саябақ көшесі №43	1
6	Саркөл ауылы, Ауылдық клубы ғимаратының алдында орналасқан стенді	Саркөл ауылы, Мектеп көшесі №32	1
7	Тасқопа ауылы, Ауылдық клубы ғимаратының алдында орналасқан стенді	Тасқопа ауылы, Мектеп көшесі №20	1
8	Темір қаласы, Қалалық клубы ғимаратының алдында орналасқан стенді	Темір қаласы, Сақтаған Бәйішев көшесі №6	1
9	Шұбарқұдық кенті, Шұбарқұдық айналым пайдалану локомотив депосы ғимаратының алдында орналасқан стенді (келісім бойынша)	Шұбарқұдық кенті, Депо көшесі 2А	1
10	Шұбарқұдық кенті, "Н.Байғанин атындағы Темір аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны ғимаратының алдында орналасқан стенді	Шұбарқұдық кенті, Нұрпейіс Байғанин көшесі №3	1

11	Шұбарқұдық кенті, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" Коммерциялық емес Акционерлік Қоғамы Ақтөбе облысы бойынша филиалы – "Халыққа қызмет көрсету орталығы" Департаментінің Темір аудандық бөлімі ғимаратының алдында орналасқан стенді (келісім бойынша)	Шұбарқұдық кенті, Нұрпейіс Байғанин көшесі №15/3	1
12	Шұбарши кенті, Ауылдық клубы ғимаратының алдында орналасқан стенді	Шұбарши кенті, Геолог көшесі №25А	1
13	Шығырлы ауылы, Ауылдық клубы ғимаратының алдында орналасқан стенді	Шығырлы ауылы, Әлия Молдағұлова көшесі №2	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ